

**Өнеркәсіп және құрылыс саласындағы зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 2024 жылғы 12 шілдедегі № 261 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 15 шілдеде № 34735 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 20 маусымдағы № 219 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.06.2025 № 219 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 34-бабының 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Өнеркәсіп және құрылыс саласындағы зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Қаржы және корпоративтік басқару департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Аппарат басшысына жүктелсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Өнеркәсіп және құрылыс  
министрінің міндетін атқарушы*

*А. Бейспеков*

**"КЕЛІСІЛГЕН"**

**Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі**

Қазақстан Республикасы  
Өнеркәсіп және құрылыс  
министрінің міндетін  
атқарушысының

## **Өнеркәсіп және құрылыс саласындағы зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Өнеркәсіп және құрылыс саласындағы зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 34-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және республикалық бюджеттен қаржыланатын зерттеулер жүргізудің, консалтингтік қызметтер көрсетудің және мемлекеттік тапсырманы орындаудың құнын айқындау тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) зерттеулер – аналитикалық тәсілдер негізінде экономиканың нақты сегментінде мемлекеттік саясатты іске асыруға және мемлекеттік міндеттерді шешу үшін ұсыныстар дайындауға бағытталған зерттеулер;

2) консалтингтік көрсетілетін қызметтер – өнеркәсіп және құрылыс саласы қызметінің тиімділігін бағалауды әдіснамалық, талдамалық және ұйымдастырушылық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтер;

3) мемлекеттік тапсырма – жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға, Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиада комитетіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық паралимпиада комитетіне, "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркіне, дербес білім беру ұйымдарына және олардың ұйымдарына, "Елбасы Академиясы" корпоративтік қорына Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, жекелеген мемлекеттік қызметтер көрсетуге, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын және (немесе) әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да міндеттерді орындауға арналған тапсырыс;

4) орындаушы - өнеркәсіп және құрылыс саласындағы зерттеу, консалтингтік көрсетілетін қызметтер және мемлекеттік тапсырма орындайтын заңды және/немесе жеке тұлға.

### **2-тарау. Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау тәртібі**

3. Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау кезінде орындаушының негіздейтін құжаттармен расталған тікелей және жанама шығыстары ескеріледі.

4. Орындаушының тікелей шығыстарына жүргізілетін зерттеулермен, көрсетілетін консалтингтік қызметтермен және орындалатын мемлекеттік тапсырмамен тікелей байланысты шығыстар жатады.

Жанама шығыстарға орындаушының тұтастай қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті, бірақ зерттеулер жүргізу, консалтингтік қызметтер көрсету және мемлекеттік тапсырма орындау процесінде тікелей қолданылмайтын шығыстар жатады.

5. Жұмыстар мен қызметтер құны мынадай формула бойынша айқындалады:

$$Р_{\text{барлығы}} = Р_{\text{т}} + Р_{\text{ж}}$$

мұнда,

$Р_{\text{барлығы}}$  – зерттеулер жүргізуге, консалтингтік қызметтер көрсетуге және мемлекеттік тапсырма орындауға арналған шығыстар;

$Р_{\text{т}}$  – тікелей шығыстар;

$Р_{\text{ж}}$  – жанама шығыстар.

### **3-тарау. Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындауға арналған шығындар түрі**

6. Тікелей шығыстарға мыналар жатады:

1) зерттеулерді, консалтингтік көрсетілетін қызметтерді және мемлекеттік тапсырманы тікелей жүзеге асыратын персоналдың еңбекақысы;

2) зерттеу жүргізетін, консалтингтік қызмет көрсететін, мемлекеттік тапсырманы тікелей орындайтын персоналға қатысты салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ әлеуметтік аударымдар;

3) зерттеу жүргізетін, консалтингтік қызмет көрсететін, мемлекеттік тапсырманы тікелей орындайтын персоналдың іссапар шығыстары (ел ішіндегі және (немесе) елден тыс жерлердегі қызметтік сапарлар);

4) сарапшыларды тарту (бірлесіп орындаушылар) (шығыстар орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер көлемінің екіден бірінен шекті көлемінен аспау қажет);

5) зерттеу жүргізу, консалтингтік қызмет көрсету, мемлекеттік тапсырманы орындау үшін тікелей пайдаланылатын тауарлар мен материалдарды сатып алу;

6) зерттеулер жүргізу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу;

7) байланыс қызметтері (қалааралық телефон сөйлесулер, телефон үшін абоненттік төлем, пошта-телеграф шығындары, электрондық пошта, интернет);

8) зерттеу жүргізу, консалтингтік қызмет көрсету, мемлекеттік тапсырманы орындау үшін пайдаланылатын үй-жайларды жалға алу төлемі;

9) ақпараттық дерекқорларға жазылу және қолжетімділік;

10) зерттеулер материалдарын жариялау шығыстары;

11) зерттеу жүргізу, консалтингтік қызмет көрсету және мемлекеттік тапсырманы орындау үшін тікелей пайдаланылатын аударма қызметтері.

7. Жанама шығыстар тікелей өзіндік құнына жатпайды және мынадай шығындарды:

1) әкімшілік – басқару персоналының еңбек ақысын;

2) зерттеу жүргізетін, консалтингтік қызмет көрсететін, мемлекеттік тапсырманы тікелей орындайтын персоналға қатысты төлемдерді қоспағанда, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ әлеуметтік аударымдарды;

3) негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге қызмет көрсетуді және жөндеуді;

4) өзге де шығыстарды (режимдік объектілерді күзету қызметтері, банктік қызметтер, полиграфиялық және типографиялық шығыстар, курьерлік қызметтер ) қамтиды.

8. Зерттеу жүргізу, консалтингтік қызмет көрсету және мемлекеттік тапсырманы орындау үшін бюджеттік өтінім қалыптастыруда шығыстардың әрбір бабы негіздеме құжаттармен расталады (орындаушының штаттық кестесі, есептер, шарттар көшірмесі, кемінде үш баға ұсыныстары).

9. Зерттеу жүргізу, консалтингтік қызмет көрсету және мемлекеттік тапсырманы орындау үшін қажетті тауарлардың құнын айқындау кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу веб-порталынан орташа баға пайдаланылады.